Автор: Смагулова Акмарал Буркитовна
Пән: Құқық негіздері
Сынып: 9-сынып
Бөлім: Меншік құқығы
Тақырып: Қалай меншік иесі бола аламыз?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.3.2.1 меншік түрлерін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Меншіктің негізгі түрлерін анықтау,түсіну.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Меншік , меншік құқығы, меншік түрлері
Күтілетін нәтиже:	Қалай меншік иесі бола алатынын түсіну,қолдана білу.
Бағалау критерийлері:	меншік түрлерін анықтайды
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» идеясының(6-бөлім)құндылықтарын негізге ала отырып,Ұлттық демократиялық-патриоттық ұстанымдарын бойына сіңіру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интер. тақта АКТ арқылы слайд көрсету
Пәнаралық байланыс:	Қоғамтану,ағылшын,орыс тілі
Бастапқы білім:	Сәлемдесу,шаттық шеңберге тұру,жеке,жұптық жұмысқа дайындау.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5-минут)	Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары 1.Қазіргі қоғам өміріндегі меншіктің негізгі рөлін ашып көрсетіңіздер.Меншік дегеніміз не? Қандай меншік түрлерін білесіздер. 2.Меншік құқығы мен оның үш құқықтық өкілеттілігі туралы айтыңдар. 3.Меншік құқығына ие болу мен тоқтату негіздері қандай?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30-минут)	"ДЖИГСО" - топтық жұмыс Әр топқа бір тақырыпша бөлініп беріледі 1-қадам: мәтінмен жұмыс 2-қадам: топтық тұжырым 3-қадам: «Елші» 4-қадам: Кеңейтілген тапсырма: «Кестемен жұмыс» Меншік иесінің құқықтары: Иелену Пайдалану Билік ету О.: мәтінмен жеке танысу; - Т.: жұпта талқылау; - А.: топта түйіндеу, көрші топқа елші дайындау - А.+Т.: «Елшілер» топтан топқа «Әткеншек» әдісі мен өздері зерделеген тақырып бойынша мәтінді түсіндіреді Сараланған тапсырма: 3-деңгейлі тапсырма. «Жек меншік құқығының және оған қолсұқпаудың маңыздылығы» тақырыбы бойынша пікірталас өткізіңдер. 3-деңгейлі тапсырма. Жағдайатты талқылаңыз. 1.Пәтер иесі өз пәтерін жалға берді.Жалға алушының қандай өкілеттілігі бар? Жалға алушы бұл пәтерді өздігінен сата алама? Егер жалға алушы пәтерге жөндну жұмыстарын жүргізгісі келсе, оны пәтер иесінің рұқсатынсыз жасай алама?Егер пәтерде құбыр істен шығып, көршілерге шығын келтірсе, кім жауап береді? Жауаптарыңда «иелік ету» , «пайдалану» терминдерін пайдаланыңдар. 2.Серуендеп жүрген ит балалармен ойнап жүріп, оларды қауып алды.Иттің иесі жауап береме? Балалар итке өздері жақындап, онымен ойнауды өздері бастаған еді.	
Сабақтың соңы (3-минут)	«Жедел ақпарат» - бағаларды хабарлау А) топ басшылары «Бағалау парақтарындағы» өзін-өзі, жұптық, топтық бағалау нәтижелерімен таныстырады Ә) мұғалім басшыларының хабарламасына сүйеніп, формативті бағалап, бағаларды хабарлайды	
Рефлексия (2-минут)	ББББ кестесін пайдалану арқылы рефлексия жасау	